

Целиноград аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 222/38-7 "2023-2025 жылдарға арналған Нүресіл ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 25/3-8 шешімі

Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Нүресіл ауылдық округінің бюджеті туралы" 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 222/38-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 177367 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Нүресіл ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 38 553,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 9 000,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 29 553,0 мың теңге;

2) шығындар – 42 925,7 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -4 372,7 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 4 372,7 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 4 372,7 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2023 жылға арналған ауылдық округі бюджет кірістерінің құрамында облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер 5-қосымшаға сәйкес ескерілсін."
";

көрсетілген шешімнің 1, 4-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград аудандық мәслихатының төрағасы

Л.Конарбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімі

Б.Оспанбеков

2023 жылғы 12 мамыр

"Целиноград ауданының
экономика және қаржы бөлімі"

2023 жылғы 12 мамыр

Целиноград аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 25/3-8 шешіміне
1-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2022 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 222/38-7 шешіміне
1-қосымша

Нүресіл ауылдық округінің 2023 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сома, мың теңге	
		Кіші сыныбы			
			Атауы		
1	2	3	4	5	
				I. Кірістер	38 553,0
1				Салықтық түсімдер	9 000,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	9 000,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	320,0
		3		Жер салығы	190,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	8 490,0
4				Трансферттердің түсімдері	29 553,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	29 553,0
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	29 553,0

Функционалдык топ			Сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама	

			Атауы	
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	42 925,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	36 925,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	36 925,7
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36 925,7
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1 000,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 000,0
12			Көлік және коммуникация	5 000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	5 000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5 000,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0

			V. Бюджет тапшылығы профициті)	-4 372,7
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(4 372,7
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4 372,7
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	4 372,7
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	4 372,7

Целиноград аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 25/3-8 шешіміне
2-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2022 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 222/38-7 шешіміне
4-қосымша

2023 жылға арналған аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер

Атауы	Сума, мың тенге
1	2
Барлығы, оның ішінде:	27 553,0
Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде:	27 553,0
ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының ағымдағы ұстауына	24 553,0
жолдарды күтіп ұстауға	3 000,0

Целиноград аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 25/3-8 шешіміне
3-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2022 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 222/38-7 шешіміне
5-қосымша

2023 жылға арналған облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер

Атауы	Сума, мың тенге
1	2
Барлығы, оның ішінде:	2 000,0
Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде:	2 000,0
жолдарды күтіп ұстауға	2 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК